

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК: ТАРИХИ ЭВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ ИРАНМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Е.Қ.Қасабекова, А.Д.Шағырбай

АНДАТПА

Бұл мақалада қазақ халқының рухани-мәдени дүниетанымындағы әйелдің әлеуметтік және гендерлік рөлі тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастырылады. Зерттеу аясында дәстүрлі қоғамдағы гендерлік нормалар мен патриархалдық құрылымдардың ерекшеліктері, кеңестік кезеңдегі эмансипациялық саясаттың ықпалы, сондай-ақ тәуелсіздік жылдарындағы институционалдық өзгерістер жүйелі түрде талданады. Мақалада 1920–1930 жылдары жарық көрген «Әйел теңдігі» (1925) журналының ағартушылық және қоғамдық сана қалыптастырудағы маңызы айқындалады. Сонымен қатар қазіргі Қазақстан жағдайында гендерлік теңдікке қатысты өзекті мәселелер – әйелдердің құқықтық сауаттылық деңгейі, еңбек нарығындағы жалақы айырмашылығы, шешім қабылдау үдерісіндегі және саяси өкілдіктегі теңсіздік сияқты аспектілер нақты мысалдар арқылы талқыланады. Салыстырмалы талдау ракурсы ретінде Иран Ислам Республикасының шарифат қағидаларына негізделген құқықтық жүйесі қарастырылады. Бұл тұрғыда отбасылық құқық, мұрагерлік, куәлік ету, сондай-ақ әйелдердің қоғамдық кеңістікке қатысуы мәселелері сарапталып, 2022 жылдан кейінгі азаматтық мобилизация үдерістері мен 2024 жылғы құқықтық регламенттердің күшею үрдісі зерттеу нысанына алынады. Қорытынды бөлімде гендерлік саясаттың тиімділігін арттыру мақсатында құқықтық реформаларды мәдени трансформациямен өзара ұштастырудың маңыздылығы негізделеді. Сонымен қатар гендерлік білім беруді дамыту, гендерлік бюджеттеу тетіктерін енгізу, статистикалық деректерді жиыныс бойынша бөлшектеу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және азаматтық қоғам институттарымен, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдармен серіктестікті кеңейту бағыттары ұсынылады.

Түйін сөздер: гендерлік теңдік, рухани мәдениет, «Әйел теңдігі», еңбек нарығы, саяси өкілдік, шарифат, Иран.

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Шағырбай А.,
almasbek85@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Қасабекова Е.Қ.,
Шағырбай А.Д. Қазақ халқының рухани әлеміндегі гендерлік теңдік: тарихи эволюция және Иранмен салыстырмалы талдау // Адам әлемі. – 2025. – №4 (103). – Б. 156-163.

Gender Equality in the Spiritual World of the Kazakh People: Historical Evolution and a Comparative Analysis with Iran

Abstract. This article examines the role of women within the spiritual and cultural worldview of the Kazakh people through the lens of historical continuity. The study systematically analyzes gender norms and patriarchal structures in traditional society, the impact of Soviet-era emancipation policies, and the institutional transformations that have occurred in the period of independence. Particular attention is given to the educational and enlightenment role of the early Soviet publication *Ayel Teñdigi* ("Women's Equality", 1925), which contributed to shaping public consciousness on gender issues.

The discussion further addresses current challenges to gender equality in Kazakhstan, including women's legal awareness, wage disparities in the labor market, and unequal representation in political and decision-making processes, supported by concrete examples. As a comparative perspective, the study explores the legal system of the Islamic Republic of Iran, which is grounded in Sharia law. The analysis focuses on family law, inheritance, testimony, and women's participation in public spaces, while also considering the dynamics of civic mobilization since 2022 and the intensification of legal regulations in 2024. In conclusion, the article emphasizes the necessity of integrating legal reforms with broader cultural transformation to enhance the effectiveness of gender policy. It advocates for the advancement of gender-sensitive education, the implementation of gender-responsive budgeting, the disaggregation of statistical data by sex, the prevention of gender-based violence, and the strengthening of partnerships with civil society institutions, including non-governmental organizations.

Key words: Gender Equality, Spiritual Culture, *Ayel Teñdigi*, Labor Market, Political Representation, Sharia, Iran.

Гендерное равенство в духовном мире казахского народа: историческая эволюция и сравнительный анализ с Ираном

Аннотация. В данной статье рассматривается социальная и гендерная роль женщины в духовно-культурном мировоззрении казахского народа с позиции исторической преемственности. В рамках исследования системно анализируются особенности гендерных норм и патриархальных структур традиционного общества, влияние эмансипационной политики советского периода, а также институциональные трансформации в годы независимости.

Особое внимание уделяется просветительской и общественно-воспитательной роли журнала «Әйел теңдігі», (1925), издававшегося в 1920–1930-е годы и сыгравшего значительную роль в формировании

общественного сознания по вопросам гендера. Кроме того, в статье обсуждаются актуальные для современного Казахстана аспекты гендерного равенства — уровень правовой грамотности женщин, различия в заработной плате на рынке труда, а также неравенство в процессе принятия решений и политическом представительстве, что иллюстрируется конкретными примерами. В качестве сравнительного ракурса рассматривается правовая система Исламской Республики Иран, основанная на принципах шариата. В данном контексте анализируются вопросы семейного права, наследования, свидетельствования, а также участия женщин в общественном пространстве. Отдельное внимание уделяется процессам гражданской мобилизации, начавшимся с 2022 года, и тенденции ужесточения правовых регламентов в 2024 году.

В заключительной части обосновывается необходимость увязки правовых реформ с культурной трансформацией для повышения эффективности гендерной политики. Предлагаются направления по развитию гендерного образования, внедрению механизмов гендерного бюджетирования, дезагрегации статистических данных по признаку пола, профилактике гендерного насилия, а также расширению сотрудничества с институтами гражданского общества, включая неправительственные организации.

Ключевые слова: гендерное равенство, духовная культура, «Әйел теңдігі», рынок труда, политическое представительство, шариат, Иран.

Kіріспе

Гендерлік теңдік – әйелдер мен ерлердің құқықтары, мүмкіндіктері мен ресурстарға қолжетімділігінің тең дәрежеде жүзеге асуын көздейтін кешенді әлеуметтік-ғылыми ұғым. Қазақ қоғамында бұл құбылыс тарихи дәстүрлер мен рухани құндылықтар, фольклор мен діни-этикалық нормалар, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың эволюциясы негізінде қалыптасқан.

Тарихи тұрғыдан алғанда, әйелдің отбасы мен ұрпақ сабақтастығындағы орны жоғары бағаланғанымен, оның қоғамдық және саяси өмірге қатысуы көбіне шектеулі болған. Кеңестік кезеңде құқықтық және идеологиялық эмансипация институттарының (мысалы, «Теңдік» газеті және кейін жарық көрген «Әйел теңдігі» журналы) қызметі әйелдердің қоғамдық белсенділігін арттыруға елеулі үлес қосты.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда гендерлік теңдік мәселесі халықаралық стандарттармен үндес құқықтық және институционалдық өзгерістер негізінде дамыды. Әйелдердің білім беру мен еңбек салаларындағы белсенділігі артқанымен, еңбек нарығындағы жалақы айырмашылығы, күтім еңбегінің гендерлік бөлінісі және саяси өкілдіктің жеткіліксіздігі сияқты құрылымдық кедергілер әлі де сақталып отыр.

Гендерлік теңдік қазіргі заманғы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда маңызды зерттеу нысаны. Ол мемлекеттің демократиялық даму деңгейін айқындайтын басты индикаторлардың бірі ретінде қарастырылады. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы гендерлік теңдік қағидаттарын мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының қатарына енгізіп, осы салада бірқатар институционалдық және құқықтық реформаларды жүзеге асырды.

«Gender» термині ағылшын тілінен аударғанда «жыныс» (еркек, әйел) деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғым әйелдер мен ерлердің өмір сүру жағдайында тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болуын, әлеуметтік қатынастарда әділдік пен тепе-теңдікті қамтамасыз ету әлеуетін білдіреді. Өкінішке қарай, қоғамда гендерлік теңдік көбіне әйелдер мәселесімен ғана шектеліп қарастырылады. Алайда гендерлік теңдік ұғымы екі жыныстың

да тең және өзара жауапты қатынастарын қамтитынын ескеру маңызды.

Қазақ халқының рухани әлеміндегі гендерлік теңдік мәселесі

Қазақ халқының рухани әлеміндегі гендерлік теңдік мәселесі әуел бастан келе жатқан өзекті мәселелердің бірі. Әйел теңдігі мәселесі әлемдік деңгейдегі көтеріліп отырған өткір мәселе. Гендерлік теңдік қазақ қоғамында тарихи дәстүрлер мен қазіргі заман деңгейінде қалыптасып келе жатқан күрделі ұғым. Әйелдердің қоғамдағы рөлі, отбасы мен қоғамдағы орнын анықтайтын мәдениет пен фольклор, дін мен саясаттың ықпалы аса маңыздылыққа ие. Гендерлік теңдікті дамыту үшін жан жақты білім мен ақпараттық науқандар қажет. Әлбетте, қазақ халқының гендерлік теңдік мәселесі бір күнде қалыптасқан ұғым емес, оның сипаты сан түрлі тарихи контексте өзгеріп отырды. Дәстүрлі қоғамда әйелдер отбасының тірегі ретінде маңызды рөл атқарды, бірақ олар көбіне қоғамдық-саяси өмірден алыстады. Оның келесі тарихи аспектілеріне назар аударайық:

- Біріншісі, әйелдердің дәстүрлі рөлдеріне әулеттік мәселелермен айналысып, балаларды тәрбиеледі, бірақ қоғамдық өмірде ерлерге қарағанда шектеулі құқықтарға ие болды.

- Екіншісі, азаматтық құқықтар мәселесіне келсек, Кеңес үкіметі кезеңінде әйелдерге көп құқықтар берілді, бірақ олар көбіне формальды сипатта болып, өмірлік тәжірибиеде қолданысы аз болды.

- Үшіншісі, қазіргі кезең білім алу мен жұмыспен қамтылумен сипатталады. Бүгінгі күні әйелдер білім алуда және кәсіби салада белсенділік танытуда, дегенмен де кейбір жағдайларда гендерлік таптаурындар мен дискриминация әлі де сақталып отыр.

Гендерлік теңдік тұрғысындағы қоғамдық пікірге келсек, гендерлік теңдік мәселесі қоғамдағы таласты, таптаурынды дүниелердің қатарына жатады. Көптеген ұйымдар мен белсенділер әйелдердің құқықтарын қорғауға, гендерлік теңдікті насихаттауға жұмыс істейді. Мәдени ықпал тұрғысынан қазақ фольклорында әйелдер бейнесі, олардың күш-қуаты

мен даналығы да аз кездеспейді, осындай себептерден де халық арасында «ақылына көркі сай» деген мәнді теңеу қалыптасқан. Әйелдердің қоғамдағы маңызды рөлін айқындайтын фольклорлық шығармалар аталмыш тақырыптың қазақ қоғамындағы маңыздылығын арттыра түседі. Дін мен мәдениеттің әйелдердің өміріндегі рөліне тоқталсақ, дін мен мәдени дәстүрлер гендерлік рөлдерді қалыптастыруда шешуші рөл атқарды, десе де әйелдер теңдігінің қалыптасуына кедергі келтіретін фактор болуы да мүмкін. Бүгінгі таңда гендерлік теңдік мәселесі қазақ қоғамында даму үстінде, бірақ толық теңдікке жету үшін әлі де көп іс атқарылуы қажет. Жоғарыда атап өткеніміздей, жан-жақты білім, толыққанды ақпарат және мәдени өзгерістер бұл үдерістерді жеделдетуге жәрдемдеседі.

Сонымен, қазақ халқының әйелдер теңдігі мәселесіне маңыздылық беріле басталуы мен оның рөлін 1925 жылдан бастап жарық көре бастаған "Әйел теңдігі" — қазақ әйелдеріне арналған қоғамдық-саяси журналдан аңғаруға болады.

Ол бастапқы кезде, 1925 жылы. 5 мамырда өлкелік партия комитетінің жанындағы әйелдер бөлімінің газеті ретінде "Теңдік" деген атпен Орынбор қаласында шыққан. Редакторы — Соня Есова. Журналды шығару жұмысына Ш.Қожахметов, Р. Сүгіров, Сәбит Мұқанұлы Мұқанов белсене қатысқан. Кей нөмірлеріне (мысалы, 1925 жылы N3) редактор ретінде Бейімбет Майлин қол қойған. Мақсаты — Қазақстан автономиялы республикасы ОАК-нің 1920 жылы қабылдаған қалың малға, әмеңгерлікке, көп әйел алушылыққа тыйым салу туралы декретін бұқараға түсіндіру, әйелдердің қоғамдық өмірге араласуын насихаттау болды. 7 нөмірі жарық көрген соң, 1926 жылы шілде айынан "Теңдік" газеті журналға айналып, "Әйел теңдігі" аталды.

Гендерлік теңдіктің әйел теңдігі мәселесінен бөлек, тағы да бір мәселелі де көлеңкелі тұстарына келсек, дүниежүзілік сахнадағы миллиардтаған әйелдер мен ер адамдар мүгедектігіне, этникалық шығу тегіне, байырғы немесе тайпалық ұлт өкілі болуына, діни сеніміне, нәсіліне, жынысына немесе жыныстық бағдарына, гендерлік сәйкестігіне, саяси көзқарасына, тағы да басқа себептерге байланысты қоғам өлшеп берген белгілі бір жұмыс түрімен ғана айналысуға мәжбүр болып отыр. Тіпті кейбіреулері жұмысқа орналасу, білім алу мүмкіндіктеріне қол жеткізе алмай жатқан жайлары бар. Әйелдер, мигранттар сияқты белгілі бір азшылық топтардың қоғамда дискриминацияға ұшырауы олардың арасында жұмысқа жегілу, саудалану немесе зорлық-зомбылық факторларының артуына алып келеді. Сондай-ақ осындай азшылық топтар арасындағы дискриминация жұмыссыздықты көбейтіп отыр. Оның салдарынан табыссыз қалған ата-аналар күнкөру үшін балала-

рын қара жұмысқа жегіп қоюы жиі көрініс табады. Демек, кедейліктің басты себебі — осы әлеуметтік дискриминация. Әлеуметтік дискриминация мәселесі, өкінішке қарай, шешімін таппаған күрделі құбылыстардың қатарында. Ол — адамдардың әлеуетін жойып, әлеуметтік шиеленістер мен теңсіздікті арттырады. Өкінішке қарай қоғамда осындай теңсіздік мәселелері орын алып отырған жайы бар. Бүгінде дүниежүзі көлемінде еңбек саласындағы белең алған дискриминация — гендерлік теңсіздік. Жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне қолжетімділік, жалақы, әлеуметтік қорғалу дәрежесі және кәсіптік сегрегация жағынан жұмыс орындарының саны мен сапасында айтарлықтай гендерлік алшақтық көрініс тауып отыр. Әйелдердің жұмыссыз қалу ықтималдығы ер адамдарға қарағанда жоғары, ал жұмыссыздық мәселесі, әсіресе, жас әйелдер арасында өзекті болуда.

Гендерлік теңдік мәселесінің келесі түйіткілді қырларының бірі 2023 жылғы БҰҰ мәліметі бойынша, жер бетіндегі 195 мемлекеттің 36-сында ғана әйелдер мемлекет және үкімет басшылары лауазымын атқарады. Оның 19-ы үкімет басшылығына тағайындалса, 17-сі мемлекет басшысы. Бүгінгі мақалада маңызды саяси шешімдер қабылдауда әйелдер үлесінің аз болуының себептері, бүгінгі күні олардың жоғары лауазымдарды атқаруына кедергі келтіретін факторлар және саясатта гендерлік теңдік орнатудың маңыздылығы туралы айтатын боламыз. Бұл — әлем тарихындағы саясатқа әйелдер қатысуының ең жоғарғы көрсеткіш болып есептеліп отыр. Әйелдер әлем халқының шамамен 50%-ын құрайды (Statistics Times дерегі), демек ерлер үлесімен шамалас. Осындай жағдайда 151 мемлекеттің (монархиялық жүйедегі елдерді есепке алмағанда) 134-ін ер адамдар басқарып отыруынан (БҰҰ дерегі) көп мемлекеттерде әлі де әйел азаматтарының саяси өмірдегі рөлі төмендетіліп, өміріне тікелей әсер ететін саяси шешімдерге қатыса алмай дискриминацияға ұшырап отырғандығын айта аламыз. Сондай-ақ әйелдер үлесінің қазіргі көрсеткіші олардың басшысылық лауазымдарға айтарлықтай аз ұсынылатындығын, министрлер кабинетінің басым бөлігін әлі де ер адамдар құрайтынын, сондай-ақ экономика, қорғаныс және энергетика сияқты негізгі бағыттарға тек ер адамдарды тағайындау жалғасып келе жатқандығын байқатады. Осындай ашық, дамыған қоғам заманында бұл деректер әйелдердің мемлекет пен үкімет басшыларының арасында азшылық топ болып қала беретіндігінің көрсеткіші [2]. Жоғарыдағы қозғалған мәселелер гендерлік теңдіктің негізгі сипаттарын айқындаушы факторлар. Қазақ халқының рухани әлеміндегі гендерлік теңдік проблематикасына қайта оралсақ, қазақ халқының рухани әлеміндегі әйелдердің орны өте маңызды. Олар отбасының ұйытқысы, мәдениеттің

сақтаушысы және қоғамның дамуына үлес қосушы ретінде, отбасынан бастап қоғамдағы тепе теңдікті сақтаушы ретінде қызмет етеді. Әйелдер шаруашылықты жүргізу, тәрбиелеу және дәстүрлерді сақтау арқылы ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтады. Әуел бастан гендерлік теңдік дегенде үрке қараған қазақ қоғамы қазір бұған аздап еті үйренісе бастады деуге негіз бар. Бүгінде саясат сахнасында жүрген әйелдердің саны көп. Ал енді сол әйел қауымы құқықтық сауатты ма?! Осыдан бірер жыл бұрын бірқатар сала мамандары «елде әйелдерден гөрі, ер азаматтар құқықтық сауатты» деген пікір білдірген-ді. Ал қазір ресми деректерге жүгінсек, елдегі әйел қауымының құқықтық сауаты өсе бастағанын байқаймыз. «Аналитика» талдау және сараптау орталығы мамандарының берген деректеріне көз жүгіртсек, соңғы үш жылда қазақстандық әйелдердің заң аясында сауаты өсе бастағанын аңғарамыз. Қазақстанда әйелдер құқықтарын қорғау мен гендерлік теңдікті насихаттайтын көптеген ұйымдар жұмыс істейді. Әйел адамдардың білім алу және жұмыс істеу құқықтары бойынша мәдениет және білім саласындағы әйелдер гендерлік теңдік мәселесі туралы қоғамдық пікірді қалыптастыруы маңызды.

Әлеуметтанушы Аймара Тілеукинаның айтуынша, біздің әйелдердің көбі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраса да заңнан гөрі, дәстүрге көбірек жүгінеді. Осыдан барып елімізде әйелдердің құқы аяққа тапталып жатады. Әйелдердің бірқатары күйеуінің ұрып соққанына төзіп, бірнеше жыл жүреді. Заңға жүгініп, өзін қорғайтындары некен-саяқ. «Әсіресе ауылдық жердегі әйелдер соққыға жығылып жатса, ауылдың үлкендері барып басу айтып, оларды қайта ымыраластырып жатады. Әйелдердің арасында заңгерге жүгіну, ақыл-кеңес алу дегенді білмейтіндер басым», – дейді маман. А.Тілеукинаның пайымдауынша, гендерлік теңдікті, отбасы құндылығын насихаттауда ауылдағы әйелдердің құқы ескерілуі тиіс. Ауылда арнайы орталықтар ашылып, әйелдерге кеңестер беруге, заңдық тұрғыда көмектер көрсетуге ұмтылғаны жөн. Еңбекақы теңдігі де ойлантуы қажет. Бұдан бөлек, мамандар еңбекақы төлейтін кезде де өз құқығын талап ете алмайтын әйелдер барын мысал етті. Бұл мәселе де гендерлік теңдік тақырыбының әлсіз тұсы. Мысалы, қазір экономикалық белсенді халықтың 48,5 пайызы әйелдер. Соның ішінде олардың 31,2 пайызы ер азаматтарға қарағанда төмен жалақы алады. «Негізінде жалақыдағы ең аз гендерлік алшақтық Люксембургте тіркелген, онда бұл көрсеткіш шамамен 1 пайыз. Бізге нақ осындай тәсілді ұстанбасақ та, гендерлік теңдік жайын қозғағанда еңбекақы теңдігі де сырт қалмауы тиіс», – дейді әлеуметтанушы. Бұл ретте «Аналитик» талдау және сараптау орталығының деректеріне сүйенсек, Қазақстанда әйелдердің

ерлерден 25-27 пайызға аз табыс табатынын байқаймыз. Және бұл соңғы үш жылда тұрақты үрдіс болып қалыптасқан. Ranking.kz агенттігінің мәліметінше де, 2023 жылы елдегі ер адамдардың жалақысы әйелдерге қарағанда 22 пайызға жоғары болған. Абзалында, біз бәсекеге қабілетті ел болу үшін де гендерлік саясатты нықтауымыз қажет. Ал мамандар гендерлік теңдік жетілуі үшін алдымен осы үш мәселені жетілдіргеніміз жөн екенін айтып отыр [3].

Жалпы қазақ қоғамындағы әйел теңдігі мәселесі маңыздылыққа ие болуының басты себептерінің қазақ отбасындағы әйелді ана ретінде құрметтеу, отбасының ұйытқысы ретінде қарауы, от анасы ретінде әспеттеуінде деуге болады. Атадан балаға келе жатқан жазылмаған заңдар аясындағы дәстүрмен берілген аталмыш үрдістердің қаймағы бұзыла қоймады. Десе де, аналардың жылауы, қыздардың қасіреті, әйелдердің құқықтарының тапталуы кездесіп жататыны құпия емес. Қоғамдағы қордалы әрі түйіткілді мәселелердің бірі. Адамзат баласына ортақ мәселелердің қазақ қоғамында болуы шартты құбылыс. Қазақ әйелдерінің теңдігі мәселесі күрделі, бірақ қазіргі қоғамда өзгерістер орын алуда. Әйелдердің құқықтарын қорғау мен теңдікті қамтамасыз ету үшін көп жұмыс істелуде. Әйелдер теңдігін сақтау үшін кешенді тәсілдер қажет. Білім, құқықтық қорғау, қоғамдық пікір мен экономикалық мүмкіндіктерді дамыту арқылы теңдікті қамтамасыз етуге болады.

Ирандағы гендерлік теңдік мәселесінің сипаты

Гендерлік теңдік – бұл қоғамдағы ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігіне негізделген әлеуметтік-мәдени ұғым. Алайда кейбір елдерде бұл қағида толық жүзеге аспаған. Соның бірі – Иран Ислам Республикасы. Оның айғағы ретінде «Қазіргі ислам елдеріндегі гендерлік қатынастарды интерпретациялау» атты ұжымдық мақалада зерттеушілерінің еңбегінде: «Әлеуметтік ғылымдар саласындағы және Таяу Шығыстағы әйелдер мәселесіне қатысты зерттеулер секілді бірқатар бағыттар зерттеу жүргізген ғалымдар ислам елдеріндегі әйелдердің статусын көтеруге өз үлестерін қосты. Көптеген зерттеулердің ауқымы – заң, демография және қоғамдық денсаулық, неке және отбасы, экономикалық өмір және саясатты қамтыды. Бұл зерттеулер – мұсылман әйелінің құқығы және оның нақты жүзеге асуы, демографиялық өзгерістер, туудың төмендеуі және неке жасын ұлғайту, білім берудегі гендерлік теңсіздікті жою, гендерлік зорлық-зомбылықтың таралуы, мұсылмандық киім (хиджаб), әйелдердің жұмысқа орнала-суы, саяси шешімдер қабылдаудағы өкілеттігі және «фундаментализм» мен «феминизмнің»

әйелдердің мәртебесі мен әл-ауқатына әсері сияқты тақырыптарды қамтыды. Патриархаттық гендерлік жүйе – Азия мен Солтүстік Африканың елдерінде қалыптасқан. Патриархалдық белдеу Солтүстік Африкадан мұсылман Таяу Шығысқа (Түркия мен Иранды қоса алғанда), Оңтүстік және Шығыс Азияға (Пәкістан, Ауғанстан, Үндістанның солтүстігі мен Қытайға) созылады. Патриархаттық белдеудегі мұсылман қоғамында Құран және басқа да қасиетті жазбаларға негізделген заңдылық пен жыныстық сегрегация гендерлік жүйенің бір бөлігі болып табылады. Патриархаттық қоғамдағы гендерлік сипаттамаларды, әсіресе, отбасы мен некеге қатысты мәселелерді зерттеушілер мұсылман қоғамы мен батыс қоғамымен салыстыра отырып зерттеп, өмір ерекшеліктерін айқындайды», - дейді [4].

ИИР-ғы гендерлік қатынастардың ерекшелігі – шариғат заңдарына негізделген мемлекеттік басқару жүйесінің және әлеуметтік институттардың ықпалында қалыптасқан дәстүрлі патриархалды құрылыммен байланысты. Осы контексте Ирандағы гендерлік теңсіздік мәселесі құқықтық, саяси, әлеуметтік және мәдени аспектілерде кеңінен байқалады. Иранның құқықтық жүйесі ислам шариғатына негізделгендіктен, ерлер мен әйелдердің құқықтық мәртебесі бірдей емес. Қолданыстағы заңдар әйелдердің құқықтарын шектеулі деңгейде қамтамасыз етеді. Мысалы, азаматтық және отбасылық құқық салаларында әйелдердің ер азаматтармен салыстырғанда құқықтық мәртебесі төмен. Әйел адамның куәгерлігі сотта толық құқылы дәлел ретінде қарастырылмайды; көбінесе екі әйелдің куәлігі бір ер адамның куәлігіне теңестіріледі. Мұрагерлік заңдары бойынша әйелдер ерлерге қарағанда мұраның аз бөлігін иеленеді. Сондай-ақ, әйелдердің шетелге шығуы, некеден ажырасуы және балаға қамқоршылық жасау құқығы көбінесе ер адамның рұқсатын қажет етеді. Ирандағы әйелдердің саяси жүйеге араласуы шектеулі сипатқа ие. Парламентте және жергілікті билік органдарында әйелдердің саны аз, ал жоғары мемлекеттік лауазымдарға тағайындалу мүмкіндігі шектеулі. Конституция бойынша әйелдер президенттікке немесе жоғарғы сот органдарына үміткер бола алмайды. Сонымен қатар, әйелдердің спорттық және мәдени іс-шараларға қатысуы да бақылауға алынып, кейбір салаларда шектеулер қойылады. Мысалы, көп жылдар бойы әйелдерге футбол стадиондарына кіруге тыйым салынған болатын. Білім беру саласында әйелдердің белсенділігі жоғары: университеттерде оқитын студенттердің едәуір бөлігі – әйелдер. Бұл олардың интеллектуалдық әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Алайда еңбек нарығында бұл көрсеткіштер өз көрінісін таппай отыр. Әйелдердің жұмысқа орналасуы, әсіресе мемлекеттік секторда және басқарушылық лау-

азымдарда, елеулі кедергілерге ұшырайды. Жалақы айырмашылығы да бар, әйелдер көбінесе төмен жалақы төленетін салаларда жұмыс істейді. Мұның себебі ретінде әлеуметтік нормалар мен мәдени түсініктер көрсетіледі. Соңғы жылдары Иранда әйелдердің құқықтарын қорғауға бағытталған қозғалыстар қарқын алды. 2022 жылы Махса Аминидің қайтыс болуынан кейін басталған «Әйел, өмір, бостандық» (زن، زندگی، آزادی) ұраны бүкіл ел бойынша кең қолдауға ие болып, халықаралық деңгейде назар аудартты. Бұл қозғалыс киім кию еркіндігінен бөлек, әйелдердің толыққанды азаматтық құқықтарын қамтамасыз ету мәселесін көтерді. Аталған оқиға Ирандағы гендерлік теңсіздік проблемасының жүйелік сипатта екенін және қоғам ішінде өзгеріске деген сұраныстың күшейгенін көрсетті. Иран бірқатар халықаралық құқықтық құжаттарға қосылғанымен, мысалы, БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық түрлерін жою туралы конвенциясына (CEDAW) қосылмаған. Бұл елдің халықаралық құқықтық нормаларды толық мойындамайтынын және ішкі құқықтық реформаларды жүзеге асыруда баяу қадамдар жасап отырғанын білдіреді. Дегенмен, соңғы жылдары кейбір әлеуметтік және құқықтық салаларда реформалық өзгерістер байқалуда. Әйтсе де, бұл өзгерістер жүйелі сипаттан гөрі, символдық сипатта қалып отыр. Таяуда Иран әйелдері 40 жыл бойы тыйым салынып келген бір еркіндікке қол жеткізді. Ол – ерлер футболын көру. Осыған дейін Иран әйелдерге футбол көруге тыйым салатын жалғыз ел болған. Иран елінің заңы бойынша әйел – ер адамның жар-тысы. Ер адамдармен тең құқықтары жоқ. Олар ажырасуға, еңбек ету құқығына, ажырасқан жағдайда балаларды тәрбиелеу құқығына, шетелде еркін жүруге ие азаматтық құқықтарға ие болуды мақсат етеді. Бүгінде олар осы құқықтарға әкесі немесе қызуінің рұқсатымен ғана қол жеткізеді. Елде бұл шектеулерге қарсы шығып, әйел құқығының тапталмауы үшін жұмыс істейтін белсенді әйелдер бар. Алайда, әйелдер теңдігін орнату жолында күресетін нәзік жандарға аяушылық танытпайды. Тіпті, олардың кейбірі қатаң заңмен қудаланған. Мысалы, Насрин Сотудех – 11 жыл бас бостандығынан айырылып, 20 жылға заңгерлік құқығынан айырылған [5]. Ирандағы гендерлік теңсіздік мәселесі – тарихи, діни және әлеуметтік факторлардың тоғысында қалыптасқан күрделі құбылыс. Қолданыстағы заңнамалық шектеулер, саяси қатысудағы теңсіздік, еңбек нарығындағы кемсітушілік және мәдени-әлеуметтік тосқауылдар әйелдердің толыққанды дамуына кедергі келтіреді. Әйтсе де, қазіргі таңда ирандық әйелдер өз құқықтары үшін күресуді жалғастыруда. Бұл күрес ел ішінде ғана емес, халықаралық деңгейде де қолдау тауып, болашақта маңызды реформаларға бастау болуы мүмкін. Келесі екі жыл ішінде жаппай наразылықтар саябырсығанына қарамастан,

әйелдер мен қыздар өздерін «екінші сортты азаматтар» деңгейіне түсіретін жүйеге қарсы тұрып, бағынбаушылық әрекеттерін жалғастырды. 2024 жылдың сәуірінен бастап билік «Нур» жоспары аясында репрессиялық шаралар мен саясатты мағынәтті (парсы тілінде poor – «жарық» деген қашына береді), бұл жоспар хиджаб тағу талабын сақтамайтын әйелдер мен қыздарға қарсы адам құқықтарының бұзылуын ынталандырып, мақұлдап, заңдастырды, делінген миссия мәлімдемесінде. Қауіпсіздік күштері хиджаб кию туралы заңдар мен ережелерді бұзды деп есептелетін әйелдер мен қыздарға қатысты дене күші мен зорлық-зомбылықты – соққы, шапалақ және тағы басқа әрекеттерді жиі қолдана бастады, бұл туралы ондаған бейнежазбалар куәлік етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар қоғамдық орындарда хиджаб ережелерін сақтауды қадағалауды күшейтіп, бұл үшін бақылау құралдарын, соның ішінде дрондарды кеңінен қолдана бастады. Осы уақытта Иран Конституциясының сақшылар кеңесінде «Хиджаб және ар-намыс» туралы заң жобасы мақұлдандудың соңғы кезеңінде тұр. Бұл заң жобасында хиджаб ки-меген әйелдерге қатысты қатаң жазалар қарастырылған: ірі көлемдегі айыппұлдар, түрмеде ұстау мерзімінің ұзартылуы, жұмыс істеу және білім алу құқығынан айыру, сондай-ақ елден шығуға тыйым салу [6]. Иран Ислам Республикасындағы гендерлік қатынастар елдің құқықтық жүйесі, діни қағидаттары және мәдени дәстүрлерімен тығыз байланысты. Конституциялық деңгейде ерлер мен әйелдердің белгілі бір құқықтық теңдігі бекітілгенімен, нақты өмірде бұл құқықтардың жүзеге асырылуы бірқатар шектеулерге ұшырайды. Гендерлік теңдікке қатысты саясат көбіне шариғат нормалары негізінде реттеліп, бұл әйелдердің қоғамдық және саяси өмірге белсенді араласу мүмкіндіктерін шектейтін факторлардың бірі болып отыр. Соңғы жылдары Иранда гендерлік теңдік мәселесіне деген қоғамдық қызығушылық артып, белгілі бір әлеуметтік өзгерістер байқалуда. Әйелдердің білім алу деңгейінің жоғарылауы – осы өзгерістердің маңызды көрсеткіші. Қазіргі таңда Иран университеттеріндегі студенттердің едәуір бөлігі – әйелдер. Бұл жайт олардың зияткерлік әлеуетінің жоғары екенін көрсетіп қана қоймай, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін де айқындайды. Білім саласындағы жетістіктерге қоса, еңбек нарығына әйелдердің қатысу деңгейі де артып келеді. Әйелдердің кәсіби салада, шығармашылық индустрияда, сондай-ақ кейбір мемлекеттік басқару құрылымдарында белсенділігінің артуы – гендерлік теңдікке жету жолындағы маңызды алғышарттар қатарында. Сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдар мен әйелдердің құқықтарын қорғауға бағытталған қозғалыстардың белсенділігі де арта түскені байқалады. Алайда, саяси өкілдік пен шешім

қабылдау процестеріне әйелдердің қатысу деңгейі әлі де төмен күйде қалып отыр. Бұл гендерлік теңдіктің толық іске асуына кедергі келтіретін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Осыған байланысты, әйелдердің саяси және экономикалық өмірге қатысуын арттыруға бағытталған құқықтық, институционалдық және мәдени реформалар кешенін жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Ирандағы гендерлік теңдік әлеуеті шектеулі жағдайларда қалыптасып келе жатқанына қарамастан, оны дамыту үшін нақты алғышарттар мен мүмкіндіктер бар. Әйелдердің білім мен еңбекке қол жеткізуі, қоғамдық санадағы өзгерістер және азаматтық қоғам институттарының белсенділігі – бұл әлеуетті іске асыруға мүмкіндік беретін маңызды ресурстар болып табылады. Иранда гендерлік теңдікке қол жеткізу – бір жағынан құқықтық және институционалдық өзгерістерді, екінші жағынан – мәдени трансформация мен қоғамдық диалогты қажет ететін күрделі, бірақ өзекті үдеріс. Бұл бағыттағы табысты даму елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен инклюзивті дамуының маңызды шарты ретінде қарастырылуы тиіс.

Иран Ислам Республикасының Конституциясы елдегі әйелдердің құқықтық және әлеуметтік мәртебесін айқындап қана қоймай, мемлекетке олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, рухани әрі материалдық құқықтарын қамтамасыз ету және гендерлік теңсіздікті жою міндетін жүктейді. Ислам төңкерісінің жеңісінен кейінгі алғашқы жылдары әйелдерді қоғамдық-саяси үдерістерге кеңінен тарту бағытында жүйелі шаралар қолға алынды. Әйелдер мен әйел ұйымдары Ислам революциясын және халықтық қозғалыстарды қолдаудың негізгі қозғаушы күшіне айналды. Мемлекеттік басқару жүйесіне әйелдердің тағайындалуы, әйелдер партиялары мен арнайы әйелдер ұйымдарының құрылуы мен дамуы, сондай-ақ Иран мен Ирак арасындағы соғыс жылдарындағы әйелдердің белсенді рөлі — төңкерістен кейінгі алғашқы онжылдықта әйелдердің қоғамдағы орнын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың айқын көрінісі болды. 1990-жылдардан бастап әйелдердің елдің қоғамдық, саяси, мәдени және экономикалық өміріне белсенді араласуына кең мүмкіндіктер ашылды. Бұл кезеңде әйелдерге қатысты мәселелерді жүйелі түрде шешуді көздейтін жеке басқару құрылымдарын құру туралы идеялар алға қойылды. Соның нәтижесінде, 1987 жылы Мәдени-әлеуметтік Жоғарғы Кеңес жанынан Әйелдер істері жөніндегі Кеңес құрылды. Бұл орган – әйелдердің әлеуметтік-мәдени мәселелерімен айналысатын алғашқы саяси-мемлекеттік құрылым болып саналады. 1990 жылы ел ішінде түрлі деңгейдегі әйелдер комиссиялары жұмыс істей бастады. Әйелдерге қатысты мәселелерді шешу мақсатында атқарушы билік құрылымында арнайы ұйым құру ұсыныстары айтылып, 1991 жылы осы бағытта арнайы

бөлім құрылды. Ал 1997 жылы бұл бөлім президент жарлығымен қайта ұйымдастырылып, әйелдердің әлеуметтік-саяси өмірге қатысуын кеңейтуді мақсат тұтқан «Әйелдер істері жөніндегі Орталық» ретінде құрылды. Осы-ның нәтижесінде екі әйел вице-президент және президенттің кеңесшісі қызметіне тағайындалып, министрлер кабинетінің құрамына енді. Бұл – ел тарихында әйелдердің саяси деңгейде мойындалуы мен мемлекеттік басқару ісіне белсене араласуының жаңа кезеңі болды.

Сонымен қорыта келе, Қазақстан мен Ирандағы гендерлік теңдік мәселесі әртүрлі әлеуметтік, мәдени және құқықтық контекстер аясында қалыптасқанын айта аламыз. Қазақстанда гендерлік саясат халықаралық стандарттармен үйлесімді дамып, әйелдердің саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Бұл бағытта мемлекеттік бағдарламалар мен құқықтық реформалар арқылы нақты институционалдық өзгерістер жүзеге асырылуда. Ал Иранда гендерлік қатынастар көбіне діни қағидаттармен реттеліп, бұл әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін шектеуге әкелетін негізгі факторлардың бірі ретінде көрініс табады. Дегенмен, соңғы жылдары ирандық қоғамда әйелдердің құқықтық және әлеуметтік мәртебесін қайта қарауға деген қоғамдық сұраныс артып келеді. Осылайша, екі елде гендерлік теңдікке қол жеткізу жолдары мен деңгейі бір-бірінен ерекшеленгенімен, бұл мәселенің өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы әмбебап сипатқа ие. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету – тек әлеуметтік әділеттіліктің көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар елдің тұрақты дамуы мен демократиялық институттардың нығаюының маңызды алғышарты болып табылады. Қазақстанда гендерлік теңдік саласында бірқатар елеулі жетістіктерге қол жеткізілген. Әйелдердің білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету салаларындағы қатысуы артып, олардың қоғамдағы рөлі айтарлықтай күшейіп келеді. Алайда, экономикалық және саяси салаларда әйелдердің өкілдігі мен белсенділігі әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Бұл жағдай – елдегі гендерлік әлеуеттің толық іске асырылмауының айғағы. Осыған байланысты, Қазақстанда гендерлік теңдікті одан әрі нығайту, әсіресе әйелдердің экономикалық және саяси процестерге белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жүйелі және кешенді шаралар қабылдау қажеттілігі туындайды. Бұл – елдің тұрақты дамуы мен әлеуметтік әділеттілікке негізделген демократиялық қоғам құру жолындағы маңызды стратегиялық міндеттердің бірі.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ халқының рухани әлеміндегі әйел мәртебесі мен гендерлік

рөлдердің эволюциясын үш тарихи кезең аясында айқындады: дәстүрлі қоғамдағы рухани қадірлеу дәуірі, кеңестік кезеңдегі құқықтық және идеялық эмансипация үрдісі, сондай-ақ тәуелсіздік дәуіріндегі институционалдық нығаю үдерісі.

Қазіргі Қазақстан жағдайында гендерлік саясаттың негізгі мақсаты – формалды-құқықтық прогресті нақты әлеуметтік-экономикалық нәтижелермен ұштастыру. Бұл бағытта басты басымдықтар ретінде еңбек нарығындағы жалақы алшақтығын азайту, күтім инфрақұрылымын дамыту, әйелдердің саяси өкілдігін арттыру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және құқықтық көмекке қолжетімділікті кеңейту айқындалуда.

Гендерлік білім беру жүйесін жетілдіру, бұқаралық ақпарат құралдары мен дін өкілдері үшін гендерлік сезімтал коммуникация мәдениетін қалыптастыру, гендерлік бюджеттеу тетіктерін енгізу және жыныс бойынша бөлшектелген статистикалық деректерді пайдалану – аталған мақсаттарға қол жеткізудің негізгі құралдары болып табылады.

Салыстырмалы талдау нысаны ретінде қарастырылған Иран тәжірибесі гендерлік теңдік мәселесін құқықтық нормалар, діни-мәдени регламенттер және қоғамдық мобилизация тоғысындағы күрделі әлеуметтік-мәдени процесс ретінде сипаттайды. Мұндай салыстырмалы контраст қазақ қоғамындағы зайырлы-құқықтық реформалардың мазмұнын, бағыттарын және міндеттерін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда құқықтық өзгерістерді мәдени трансформациямен қатар жүргізу қажеттілігі айқын көрінеді.

Қорытындылай келе, қазақ қоғамындағы гендерлік теңдік мәселесі рухани құндылықтарды сақтай отырып, әділет, тән мен жан қауіпсіздігі және тең мүмкіндіктер қағидаттарын өмірде жүзеге асыруға бағытталуы тиіс. Осылайша гендерлік теңдік әлеуметтік әділеттілік пен орнықты дамудың негізгі өзегіне айналады.

Қаржыландыру

Мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым Комитетінің қаржыландыру аясында әзірленді (Грант AP19676979 «Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік»)

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әйел теңдігі // [Электронный ресурс] URL: <https://ulagat.com> (дата обращения: 28.10.2025).
- 2 Сайлауова Қ. Гендерлік теңдік: дәстүр және құқықтық сауаттылық // [Электронный ресурс] URL: <https://zhasalash.kz> (дата обращения: 28.04.2025).
- 3 Қабылқанова А. Гендерлік теңдік: әлем және Қазақстан саясатындағы әйелдер рөлі // [Электронный ресурс] URL: <https://ruh.kz> (дата обращения: 28.04.2025).
- 4 Кагазбекова С.Б., Затов Қ.А., Әділбаева Ш.А. Қазіргі ислам елдеріндегі гендерлік қатынастарды

интерпретациялау // Хабаршы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – 2019. – № 2 (68).

5 Иранда әйелдерге қандай шектеулер қойылады? // [Электронный ресурс] URL: <https://kazislam.kz/2018/06/iranda-jelderge-andaj-shekteu> (дата обращения: 25.09.2025).

6 Иран усилил репрессии в отношении женщин и девочек // Новости ООН // [Электронный ресурс] URL: <https://news.un.org/ru/story/2024/09/1456> (дата обращения: 25.09.2025).

Transliteration

1 Aiel tendigi [Gender equality] // [Electronic source] URL: <https://ulagat.com> (the date of referring: 28.04.2025). (in Kaz).

2 Sailauova K. Genderlik tendik: dastur zhane kutyqtyk sauattylyk [Gender equality: tradition and legal literacy] // [Electronic source] URL: <https://zhasalash.kz> (the date of referring: 28.4.2025). (in Kaz).

3 Kabyllanova A. Genderlik tendik: alem zhane Kazakstan saiasatyndagy aielder roli [Gender equality: the role of women in world and Kazakhstan politics] // [Electronic source] URL: <https://ruh.kz> (the date of referring: 28.04.2025). (in Kaz).

4 Kagazbekova S.B., Zatov K.A., Adilbaeva Sh.A. Kazirgi islam elderindegi genderlik qatynastardy interpretatsialau [Interpretation of gender relations in contemporary Islamic countries] // Khabarshy. Filosofiia, madeniettanu, saiasattanu seriiasy. – 2019. – No. 2 (68). (in Kaz).

5 Iranda aielderge kandai shekteuler qoiylady? [What restrictions are imposed on women in Iran?] // [Electronic source] URL: <https://kazislam.kz/2018/06/iranda-jelderge-andaj-shekteu> (the date of referring: 25.09.2025). (in Kaz).

6 Iran usilil repressii v otnoshenii zhenshchin i devochek [Iran has intensified repression against women and girls] // Novosti OON // [Electronic source] URL: <https://news.un.org/ru/story/2024/09/1456> (the date of referring: 25.09.2025). (in Russ).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Еңлік Құралғазықызы Қасабекова

аға ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: enlik78@rambler.ru, ORCID ID: 0000-0002-8581-7815

Алмасбек Дүйсенбекұлы Шағырбай

жетекші ғылыми қызметкер, қауымдастырылған профессор, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: almasbek85@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9146-1408

Ендік Құралғазықызы Қасабекова

старший научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: enlik78@rambler.ru, ORCID ID: 0000-0002-8581-7815

Алмасбек Дүйсенбекулы Шағырбай

ведущий научный сотрудник, ассоциированный профессор, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: almasbek85@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9146-1408

Yenglik Kassabekova

Senior Researcher, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: enlik78@rambler.ru, ORCID ID: 0000-0002-8581-7815

Almasbek Shagyrbai

Leading Researcher, Associate Professor, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: almasbek85@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9146-1408

